

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ атындағы
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТИ

KHOJA AHMET YASSAWI
INTERNATIONAL
KAZAKH-TURKISH UNIVERSITY

Turkestan, Kazakhstan



НОСА АХМЕТ YESEVI
ULUSLARARASI TÜRK-KAZAK
ÜNİVERSİTESİ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ
КАЗАХСКО-ТУРЕЦКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
имени ХОДЖИ АХМЕДА ЯСАВИ

Республика Казахстан, Туркестан

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 161200, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29, ректорат ғимараты
Tel: (72533) 6-38-48, 6-36-36 Fax: (72533) 6-38-49, 6-37-45. e-mail: info@ayu.edu.kz

№ 04/1506

09. 02 2024 ж.

**Қазақстан Республикасының
Жоғарғы оқу орындарына**

2024 жылдың 1-2 наурыз күндері Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университетінде Қазақстан Республикасы Ғылым
және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің және ҚР ҒжЖБ министрлігінің
150 «Ұздік оқытушы - 2023» иегерлерінің қатысуымен «**ҚАЗАҚ ТІЛІ –
ҒЫЛЫМ ТІЛІ: ДӘСТҮР ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ**» тақырыбында симпозиум
ұйымдастырылады.

Осыған орай, Сіз басқарып отырған Жоғарғы оқу орында
қызығушылық танытқан ОПК және қызметкерлерді аталған симпозиумға
қатысуға шақырамыз.

Қосымшада Ақпараттық хат тіркелді.

**Ғылым және стратегиялық даму
вице-ректоры**

А.Ошибаева

Бланк сериялық нөмірсіз жарамсыз болып табылады. Жаупай кайтарада міндетті түрде біздің номер мен күн көрсетілуі керек.
Бланк без серийного номера недействителен. При ответе обязательно ссылаться на наш номер и дату.

Орындаған: X.Масадиков
Тел: +77002293090



0816*



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ФЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

КОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ – ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ



Құрметті әріптестер!

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың I Ұлттық Құрылтайда сөйлеген сөзінде қазақ тілінің ғылым тілі ретінде әлем тілдерінің ішінде орын алуы қажеттігін ескертіп, осы қажеттіліктің жүзеге асуы үшін жоғары оқу орындары мен мекемелерге тапсырма берілген еді.

Президентіміздің тапсырмасын орындау мақсатында 2024 жылдың 1-2 наурыз күндері Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университетінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің және ҚР ҒжЖБ министрлігінің 150 «Ұздік оқытуыш - 2023» иегерлерінің қатысуымен «ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҒЫЛЫМ ТІЛІ: ДӘСТҮР ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ» тақырыбында симпозиум ұйымдастыру жоспарлануда. Алты секциядан тұратын бұл симпозиумда филология, әлеуметтік ғылымдар, жаратылыстану, инженерия, журналистика салаларындағы қазақ тілінің қолданылу мүмкіндігіне байланысты тақырыптар талқыланады.

Симпозиумның басты мақсаттары:

Ғылым салаларындағы ұлттық мазмұнның сапасы мен деңгейін бағалау;

Келешекте даму жолдары туралы ұсыныстар тұжырымдау;

Ғылымның саяси-құқықтық мәселелерін, ұлттық мазмұнын нығайту тұргысында қарастыру;

Ғалымдар, ғылыми кадрлар дайындаудың ғылым мен білім беру аралығындағы арақатынас проблемаларын талқылап, ұсыныстар енгізу;

Ғылыми тәуелсіздік, ғылым және қазақ тілі мәселелерін жан-жақты талқылау.

Симпозиумға ғалымдар, жоғары оқу орындарының оқытуыш-профессорлар құрамы, білім беру жүйесінің басшылары, докторанттар, магистранттар, студенттер және жас ғылыми зерттеушілер қатыса алады.

Симпозиум секциялары:

Секция 1. Жаратылыстану ғылымдарының ұлттық мазмұнын нығайту аспектілері

Секция 2. Қазақ тілінің салалық лингвистикасын дамытудың іргелі әдіснамалық негіздері

Секция 3. Техникалық ғылымдардың ұлттық мазмұнын нығайтуда ұлттық кадрлардың біліктілік сапасын арттыру

Секция 4. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың ұлттық мазмұнын жаңартудың заманауи парадигмалары

Секция 5. Қазақ тілінде ғылым журналистикасын іске асырудың мүмкіндіктері мен бөгеттері

Секция 6. Қазақ тілін оқыту: нәтижелі-өнімді инновациялық технологиялар

Мақала рәсімдеу талаптарын <https://qazaqtgt.ayu.edu.kz/> сайтынан көре аласыздар.

Симпозиумға қатысу тегін. Симпозиумға қатысу үшін Ұйымдастыру комитетіне 2024 жылдың 23 ақпанына дейін жарияланатын мақалаларды жіберу қажет. Көрсетілген мерзімнен кейін жіберілген өтінімдер мен мақалалар қабылданбайды. **Tіркелу, мақала жіберу** qazaqtgt@ayu.edu.kz электронды поштасы арқылы жүзеге асырылады.

Симпозиумға қатысты сұрақтар бойынша +7 702 809 7666 хабарласуыңызды сұраймыз.